

қысқартылған немесе жеке оку бағдарламасы бойынша және (немесе) арнайы сыныптарда арнайы оку жоспарлары мен бағдарламалары бойынша дамудағы бұзушылықтардың түрлері бойынша оқыту көзделген. Жалпы және (немесе) арнайы сыныптарда оқытын ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін арнайы педагогтер (олигофренопедагог, сурдопедагог, тифлопедагог, мұғалім-дефектолог, мұғалім-логопед, логопед) түзету сабактарын өткізеді. Мемлекеттік мекемеде логопедтік пункт өз жұмысын тұрақты негізде жүзеге асыра алады. Логопедтік пункт ашу Қарағанды облысы білім басқармасының «Шет ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен ресімделеді; мемлекеттік мекемеге қабылдау бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдаудың үлгілік қағидалары негізінде жүргізіледі. Балаларды қабылдауга арналған құжаттардың тізімі бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім беру үйымдарына окуға қабылдау қағидаларында және мемлекеттік қызметтер көрсетудің тиісті мемлекеттік стандартында айқындалады. Бірінші сыныпқа қабылдау кезінде баланың ата-аналары немесе занды өкілдері мұғалімді таңдауға құқылы емес. Сыныптан сыныпқа көшу үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады. Сыныптан сыныпқа көшу үлгерім нәтижелері бойынша педагогикалық кеңестің шешімімен жүзеге асырылады;

шағын жинақты мектептерді қоспағанда, 0-4 сыныптарда білім алушылардың ең аз саны 12 адамнан кем болмауы керек. Мектепалды сыныптарға қабылдау ата-анасының немесе өзге де занды өкілдерінің өтініші бойынша жүзеге асырылады;

білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды атtestattau бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оку бағдарламаларын іске асыратын білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылаудың, аралық және қорытынды атtestattauудың үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізіледі;

кәмелетке толмаған білім алушыларды шығаруға құқыққа қайши әрекеттер жасағаны, білім беру үйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзганы үшін білім беру үйымын мемлекеттік басқару органының шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды шығару туралы шешім қорғанышылық және қамқоршылық органдарының келісімімен қабылданады;

тәрбиеленушілерді шағын-орталық топтарынан шығару ай сайынғы төлем уақытылы төленбеген, дәлелді себептерсіз бір айдан артық өткізіп алған жағдайларда, медициналық қарсы көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі;

білім алушыларға дәрігерге дейінгі медициналық қызмет көрсетуді мейірбике қамтамасыз етеді, ол әкімшілікпен және педагогикалық персоналмен қатар білім алушылардың денсаулығы мен физикалық дамуына, емдеу іс-шараларын жүргізуге және санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға жауапты болады. Дәрігерлік медициналық қызмет көрсетуді